

қозғалыс соғұрлым жетік болады. Соңғы фаза әрі қарай жасалатын қимылдардың мүмкіндігін немесе орындалған қозғалыстарды бақылауды анықтайды.

Жұлқыну шапшаң үдеу. Жұлқынудың көмегімен қозғалыстың бағыты өзгертіледі және қарсыластан құтылу мүмкін болады. Жұлқыну үшін спринтерлік жүгірудің техникасы қолданады, бұл кезде аяқ аяқтың басына тіреледі де, жиі-жиі қысқа адым жасалады.

Қосалқы адымдар-баскетболшының тік тұруынан адым қозғалыс бағытында алғашқы тұрған аяқтан басталады. Осы адыммен табан өкшеден аяқ басына тіреліп қойылады. Жұмсақ сырғанап қимылдап, оған екінші аяқ

жақындап, алғашқы жағдайға келеді.

Екі аяқ қосалқы адым кезінде айқаспау керек, баскетболшы секірмей, байсалды орын ауыстыру керек. Қосалқы адымдап алға, артқа, оңға, солға жылжуға болады. Әсіресе оларды қорғаныс кезінде, қарсы қимыл жасағанда

қарсы қолданады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Портнов Ю.М. Баскетбол. – М.:ФиС,1988.
2. Семашко Ю.М. Баскетбол. – М.:ФиС,1976.
3. Би Клер Упражнения в баскетболе. – М.:ФиС,1972.
4. Буйалин Ф.Ю. Мини-баскетбол в школе. – М.: изд. Просвещение,1976.

АҚАН СЕРІ – ХАЛЫҚ СҮЙІКТІСІ

*Нағашыбай С.Н.
ҚМПИ Тарих және өнер факультеті
Музыкалық білім, 1-курс
Ғылыми жетекшісі:
Ақбужурова С.Ж.*

Ақан сері, Ақжігіт Қорамсаұлы (1843 жылы бұрынғы Көкшетау облысы, Үлкен Қоскөлдiң маңы — 1913 жылы, сонда) — ақын, әнші, композитор.

Әкесінің есімі Қорамса, шешесі — Жаңыл. Ақан сері жас кезінен өнерімен көзге түсіп, кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанған. Әуелі ауылда, содан соң Қызылжардағы Уәли (Ахметуәли) молдадан оқыған. 16 — 17 жасынан өнер жолына түскен. Шоқанның қазасына көңіл айтып, оны Көкшенің биігіне, теңіздегі кемеге теңейді, “40 темірдің қылауын қосқан өнерпаз” деп бағалайды.

Жасынан халықтың ән-күйінен сусындап, өзіне дейінгіәншілік дәстүрді толық меңгерген Ақан сері бертін келе, жігіт шағында серілік құрып, өзі де ән шығарады. Көкшенің сұлу табиғатына көз тігіп, оны албырт сезімді, әсерлі музыка үніне бөлейді. Осы әншілік өнерде Ақан сері жалғыз болмайды. Айналасына әнші-күйші жастарды жинап, өзгеше бір өнерлі топ болып ел аралайды. Ақын, әнші серілердің бәрімен достасады. Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иман Жүсіп, Құлтума сияқты атақты ақын-әншілер Ақан серінің ең жақын достары болған. Олардың бәрі Ақан серінің әншілік өнеріне игі әсер еткен, композиторлық талантын жетілдіріп, шеберлік, суреткерлік талғамын шыңдай түскен. Ол қазақтың ұлттық өнерін профессионалдык биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Сан қырлы дарындылық, поэзия мен музыканың телқозыдай табысуы, өзіне ғана тән нақыш, жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберлік — Ақан сері шығармашылығына тән басты-басты қасиеттер. Қазақ мәдениетінің алтын қорына Ақан серінің елуге жуық мұрасы енген. Ақан сері шығармаларытұнықтығымен, образдар әлемінің тереңдігімен және тілінің шырайлылығымен, айрықша талғампаздығымен, нақыштық тазалығымен ерекшеленеді. Оның шығармашылық болмысының басты қасиеттері — өмір

шындығын боямасыз жырлауы, психологиялық иірімдерге толы, эмоциялық бояуының қанықтығы.

Ақан серінің “Ақтоқты”, “Алтыбасар”, “Тер қатқан”, “Мақпал”, “Балқадиша”, “Сырымбет”, “Майда қоңыр”, т.б. әндері әйел жанының сұлулығын жарқырата көрсетуімен бірге, махаббат құдіретін асқақтата суреттеуімен де құнды. Кеңінен танымал бұл әндер әйелдер образының галереясын жасап, шынайы махаббат рухын ту етіп көтереді. Ақан сері ақын-әнші ғана емес, саңлақ аңшы, құсбегі және атбегі де. Ақынның сүйікті досына, қимас өмірлік серігіне айналған сәйгүлігі мен қыран құстарына арналған “Маңмаңгер”, “Қараторғай”, “Көкжендет”, “Құлагер” әндерінде Ақан серінің ішкі жан дүниесіндегі бұрқаныс, қан жылаған жүрек, телегей теңіз мұң мөймілдеп тұрғандай.

Бірақ Ақан өмірден де, өнерден де қол үзбейді. Осы тұстағы ән-өлеңдерінің елеулісі – «Балқадиша».

Бұл ел аузында Ақан сері туралы алып-қашпа сөздердің кеңінен етек алған тұсы еді. Ақанның қиялға беріліп, жын-перілермен қатысы барын алға тартып, жас қыздар серіден үрейленген. Ақын да, қыздар да өздерін жайсыз сезініп, отырыстың берекесі қашқандай болады. Осы кезде Қадиша қыз *«Сері ағамның жанына мен отырайын»* деп Ақанның жанына жайғасады. Бұны естіген Ақанның көңілі жай тауып, іштей жібек мінезді бойжеткенге риза болады.

Қызы едің Ыбыкеңнің, Балқадиша,
Бұралған белің нәзік уа, шіркін тал – Қадиша
Жиылған осы тойға қалың қыздың,
Ішінде шолпан жұлдыз, жарығы сен - Қадиша.

Ақан шығармашылығында ерекше бөлек тұрған әннің бірі – «Қараторғай». Шабыттанған ақынның өзіндік көркем бейнесі негізгі әннің басты арқауы болған айқын байқалады. Әннің негізгі поэтикалық құндылығы суреткер мен оның өнерінің біртұтас мәгілігіне негізделген. Өзі жақсы көретін алғыр бүркіті жоғалудағы ауыр қайғысын Ақан сері осы «Қараторғай» әнінде толғайды.

«Қараторғай!

Ұштың зорға – ай!

Бишара, шырылдайсың жерге қонбай» — деп, қайырмасында үнемі қайталап отырады.

Ақын, әнші, композитор, сері жігіттің көз шеңбері, айта қалғандай кең. Сондықтан ол, жоғарыда айтылғандай, тағы да құсты – Қараторғайды әңгіме ете, әндете отыра, сол арқылы ой түбінде жатқан басқа қиялы, арманы қозғалады. Сүйген адамының ауыр тағдыры көз алдына елестейді. Сөйтіп, әннің шығуына бір жағдай себепші болады да, музыканың туу үрдісінде екінші жағдай, көрнектірек, дәлірек болады.

«Қараторғай» әні адам таңқаларлы терең, жібектей созылған ән тілі бар, басынан аяғына дейін махаббат лирикасына толы, сөзсіз махаббатпен байланысты. Қаншама қартайып, пайдадан қала бастаса да, Ақанның қолында көп жылдар болып, талай – талай қуанышқа бөлеген құсының бір түнде өліп қалуы Ақанға қатты батады. Ақанның «Қараторғай» әні – халыққа осы аңызбен танылған. Міне осы әнді Е. Брусиловский аралас хорға арнап өңдейді, осы өңдеудегі ән хор ұжымдарының репертуарынан әлі түспей келеді.

Жастықтың көңіл күйімен еркін жүріп, серілік өмір кешкен Ақан отыздан аса бере-ақ қабат-қабат қайғыға ұшырайды. Феодалдық салтпен тартысып жүріп қосылған сүйген жары Ұрқия қайтыс болады. Қыран құсы Қараторғай бір түнде өледі. Оның артынан қасқырға салған құшаланы жеп, құмай тазысы Базаралы өледі. Сөйтіп жүргенде ол 1876 жылы жүйрік аты Құлагерден айрылады.

Ақансері үшін Құлагер өлімі тіпті ауыр қайғыға айналады. Баласымен екеуі елсіздегі Қоскөл деген қамыстықопаны мекендеп, тау кезіп, иесіз даланы жайлап, өзгеден оғаш өмір сүреді. Тау-тасты күңіrentіп, ән салады, өлең айтады. Құлагерге арнап бірнеше ән мен өлеңдер шығарады.

Солардың ішінде ең көп тарағаны – «Құлагер» әні. Мұны Ақан жаулары өлтіріп кеткен Құлагерді іздеп тауып, соның басында отырып айтқан. Тегі жағынан «Құлагер» лирикалық-психологиялық өлең түріне жатады. Өйткені өлеңде оқиғаны, оған ақынның көзқарасын көрсетуден гөрі, сол жағдайға байланысты оның сезім дүниесіндегі күйінішін, психологиялық тебіренісін суреттеу жағы анағұрлым басым.

«Құлагер» әні

Шынымен өлгенің бе, Құлагерім,
Салбырап сапты аяқтай төменгі ернің
Баспа-бас қызға бермес жануарым,
Басылмас бір шырқамай менің шерім, –

деген жолдары Ақанның Құлагерді ерекше бағалап, талай аруларға ән шығарған сері енді қызға да айырбастамайтынын білдіреді. Құлагердің өлімі Ақанды қатты толғанысқа түсіреді. Ол өмірде әділдік жоқ деген сияқты ойлар басына келіп, рухани дағдарысқа ұшырайды. Бұл ән – серінің жан ашуының туындысы. Ақанның ызалы үні баршаға ортақ сезіліп онымен бірге күйінеді, жетелейді. «Құлагер» – ат қайғысын ғана жырлаған өлең емес, озбыр зұлымдықты әшкерелеген туынды. Талай жарыста ел намысын, ел абыройын асырған Құлагердің мерт болуын Ақан Атығай, Қарауыл елдерінің қайғысындай қабылдайды.

Алтай Аққошқар – Сайдалының бес болысқа сауын айтқан ас болатын болып, Орта жүзден небір сайгүліктер дайындалды. Ақан да Құлагерді дайындайды. Үш үз ат шапқан сол астағы бәйгеде Құлагер жалғыз келеді. Ақан Сайдалының асында озып келгеннен кейін, жетелеп, ілбітіп жүріп, маңдайын сыйпап, оның маң-маң басқан жүрісінің ырғағымен ән шығарады. Оған өзі «Маңмаңгер» деп ат береді. Бұл ән халыққа белгілі, екпіні жай болғанымен, қайғылы әндерге қосылмайды.

Ақан қайтадан әнге, сейілге оралып, енді-енді еңсесін көтеріп, қанатын жаза бергенде тағы аяқ астынан кесел тап болады. Көкжендет атты қаршығасы ауылдан желге қарай ұшып кеткенінен қайтып келмейді. Ақан сияқты нәзік жанды адамға қолында баласындай мәпелеп отырған құсының жоқ болып кеткені қатты батады. Ақан қаршығасына арнап ән шығарады. Ол ән «Көкжендет» атымен ел аузында қалады.

Ақанның соңында өлеңдері, әндері өмірінің шежіресі қалды. Айтушылар Ақанның көптеген әнін арқаға насихаттаушы – Үкілі Ыбырай деседі. Арқаның әнін орындаушылар: Жүсіпбек, Мәжит есімді әншілер болды.

Ақан шығармашылығы кеңес композиторларының туындыларында үлкен орын алған. Оның «Құлагері», «Жалбыр» операсындағы «Көкжендеті», «Балқадишасы», «Сырымбеті», «Қараторғай» бірнеше композиторлардың дыбыс үндестігінде аспапты музыка шығармаларында пайдаланылған. Сол сияқты «Мақпал» әні «Ақан сері- Ақтоқты» пьесасына енді.

Ақан сері — өмір шындығын үлкен суреткерлікпен жырлаған заманының асқақ ақыны ғана емес, мұңшыл да сыршыл, лирикалық тебіреністі сазымен, әншілік-орындаушылық өнерімен танылған өзгеше дарын иесі. Оның композиторлығы ақындығынан кем түспейді. Әділіне көшсек, “Ақан сері” атанып, кезінде жұртшылыққа кең танылуы, атақ, даңқының шар-тарапқа жетуі — әншілік-композиторлық өнерінің жемісі. Ақанның қай шығармасы болмасын адам жүрегінен ойып тұрып орын алады. Ұлтымыздың маңдайына біткен дарын иесі Ақан - өз заманындағы өнерпаздардың ішіндегі өмірі мен өнері, мінез бітімі бөлек ерекше тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан ұлттық энциклопедия» / бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы - Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011.

3. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.
5. А.Қорамсаұлы шығармалары. Құрастырған: Н.Оразбек – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2013.

ГОВОРЕНИЕ КАК ВИД РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

*Омирзакова А. Р.,
Студент 4 курс, «иностранный язык:
два иностранных языка», АркГПИ
Байдалина Ж. Ж.,
ст. преподаватель, АркГПИ*

Говорение как вид речевой деятельности в первую очередь опирается на язык как средство общения. Язык обеспечивает коммуникацию между общающимися, потому что его понимает как тот, кто сообщает информацию, кодируя ее в значениях слов, отобранных для этой цели, так и тот, кто принимает эту информацию, декодируя ее, т.е. расшифровывая эти значения и изменяя на основе этой информации свое поведение [1].

Язык как средство накопления и передачи общественного опыта возник в процессе труда и начал развиваться еще на заре доклассового общества. Для передачи друг другу существенно значимой информации люди стали пользоваться членораздельными звуками, за которыми закреплялись определенные значения [2].

Благодаря общению с помощью языка отражение мира в мозгу отдельного человека постоянно пополняется тем, что отражается или было отражено в мозгу других людей, — происходит обмен мыслями, передача информации.

В общении человек постоянно учится отделять существенное от несущественного, необходимое от случайного, переходить от образов единичных предметов к устойчивому отражению их общих свойств в значении слов, в котором закрепляются существенные признаки, которые присущи целому классу предметов и тем самым относятся и к конкретному предмету, о котором идет речь [3].

Говоря «газета», человек имеет в виду не только тот газетный лист, который держим в руках, но тем самым указываем, к какому классу предметов относится данный предмет, принимая во внимание его отличия от другой печатной продукции и т.д. [4].

Слова имеют определенное значение, т.е. некую отнесенность к предметному миру. Когда преподаватель применяет то или иное слово, то и он, и его слушатели имеют в виду одно и то же явление и у них не возникнут недоразумения. Система значений развивается и обогащается на протяжении всей жизни человека, и ее целенаправленное формирование — центральное звено как среднего, так и высшего образования [5].

Речь, как говорение — это вербальная коммуникация, т.е. вербальный процесс общения с помощью языка. Средством вербальной коммуникации являются слова с закрепленными за ними в общественном опыте значениями. Слова могут быть произнесены вслух, про себя, написаны или же заменены у глухих людей особыми жестами, выступающими носителями значений (так называемая дактилология, где каждая буква обозначается движениями пальцев, и жестовая речь, где жест заменяет целое слово или группу слов)[6].

Различают следующие виды устной речи: диалогическую и монологическую.

Наиболее простой разновидностью устной речи является диалог, т.е. разговор, поддерживаемый собеседниками, совместно обсуждающими и разрешающими какие-либо вопросы. Для разговорной речи характерны реплики, которыми обмениваются говорящие,